

Д 2009
13399к





СЫРДАРИЯ КИТАПХАНАСЫ

ИБРАГИМ
ИСАЕВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ







"MADENI MURA"
MEMLEKETTIK BAQDARLAMASYNYŇ KİTAP SERIYALARY
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ
TUŇGYSH PREZIDENTI NURSULTAN NAZARBAEVTYŇ
BASTAMASY BOIYNŇA SHYFARYLDY

Редакция алқасы

Құл-Мұхаммед М. А., төраға

Алматов А.

Әбдікәрімов Ш.

Әлжік О.

Бердібаев Р.

Досжан Д.

Кәрібозұлы Б., жауапты редактор

Қасқабасов С.

Қоңыратбаев Т.

Момынбаев Б.


Омаров Б.

Оразбай И.

Рахматулла Ж.

Сейсекеева К.

Л 2009/13399к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
КОРКЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
КЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ИБРАГИМ
ИСАЕВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

ЕКІНШІ ТОМ

ТҮНГІ САҒЫНЫШ

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ
АСТАНА-2008

Редакция алқасы

Құл-Мұхаммед М. А., төраға

Алматов А.

Әбдікәрімов Ш.

Әлжік О.

Бердібаев Р.

Досжан Д.

Кәрібозұлы Б., жауапты редактор

Қасқабасов С.

Қоңыратбаев Т.

Момынбаев Б.


Омаров Б.

Оразбай И.

Рахматулла Ж.

Сейсекеева К.

Л2009/13399к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ИБРАГИМ
ИСАЕВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

ЕКІНШІ ТОМ

ТҮНГІ САҒЫНЫШ

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ
АСТАНА-2008

ББК 48 (Қаз) 7-5
И 83

Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды

Пікір жазғандар:

Ә.Рахымбекұлы – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі;

А.Сақыпұлы – филология ғылымдарының кандидаты


И 83 **ИСАЕВ Ибрагим.**
Шығармалары. Екі томдық. – Астана: Фолиант, 2008.
Т. 2. Түнгі сағыныш. Өлеңдер мен балладалар. – 368 б.

ISBN 9965-35-491-X

«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған ақын Ибрагим Исаевтың 2 томдық шығармалар жинағының екінші томы – «Түнгі сағыныш» кітабына негізінен оның бұрын баспа бетін көрген жыр жинақтарына енген өлеңдерінің елеулілері топтастырылды.

Алғашқы жыр жинағы жалындаған жиырма бес жасында жарық көрген ақынның «Алтын сырға» атты тырнақалды тұңғышы «Жиырма бес» деген өлеңмен ашылады. Осы жырдағы орамды ой мен серпінді сезім сырлары оның кейінгі кітаптарында жарасымды жалғасын табады. Ақын есейген сайын оның өлеңдері де еңсесін тіктеп, түлей түседі. Ол қай тақырыпқа қалам тартса да ынты-шынтымен беріліп, шабытты туынды туғызуға ұмтылады.

Жыр кітабы көпшілік оқырманға арналған.



ББК 48 (5 Қаз) 7-5

ISBN 9965-35-491-X – Т. 2
ISBN 9965-35-489-8

© Исаев Ибрагим, 2008
© «Фолиант» баспасы, 2008

«АЛТЫН СЫРҒА» ЖИНАҒЫНАН**ЖИЫРМА БЕС****I**

Жиырма бес – шын байқаусыз өткен күнім,
Жиырма бес – күн, кеудеме төккен нұрын.
Жиырма бес – ақ махаббат ұяңдығы,
Жиырма бес – жігерлі шақ, өктемдігім.

Мен сені көп болды ғой тосқалы да,
Жоқ менде бүгін сенен басқа мұра.
Дәл қазір шығып кеткен сияқтымын
Жігіттіктің ең биік асқарына.

Жолына түскен шақта серіліктің,
Қыздарға сыр айтқалы сені күттім.
Мен бүгін тізгінімді қоя берсем,
Кетердей бірер жылға шегініп күн.

Көп болды қырдың төсін баспағалы,
Жүр, құрбым,
Таста бәрін,
Таста, кәні.
Жиырма бес – түндер бойы кіршік ілмей,
Жиырма бес – қыз білегін жастанады.

Естісем сыңсып ұшқан аққу әнін,
Мен жерге сыймай кетем,
Шақ тұрамын.
Жиырма бес – менің мөлдір махаббатым,
Жиырма бес – ерке елігім,
Ақ бұлағым.

Сияқты бақытымның бір тарамы,
 Түннен де маған қарай нұр тамады.
 Жиырма бес – қыз ұйқысын бұзатын да,
 Жиырма бес – бойжеткеннің іңкәр әні.

II

Жиырма бес – аяулы шақ алға асылған,
 Кетеді жиырма бес боп жалғасып ән.
 Жиырма бес – асау тұлпар
 Ауыздықпен
 Алысып келе жатқан әр ғасырдан.

Жиырма бес алды-артыңа қаратқан ба,
 Сілкініп бірге тұрар таң атқанда.
 Жиырма бес – Сырдарияны бұра қашқан,
 Жиырма бес – Қызылорданы жаңартқан да.

Жиырма бес қайда жүр деп ойладың ба?
 Жүр, әне, ол Қызылқұмның қойнауында.
 Жиырма бес – балықшы боп Аралда жүр,
 Жиырма бес – бара жатыр қойлы ауылға.

Жиырма бес – жерде де жүр,
 Аспанымда,
 Кетеді бұлттан өтіп қас қағымда.
 Сенбесең барып қара,
 Ізім жатыр
 Алатау, Қаратаудың тастарында.

Жарқылдаған «МАЗ-дардың» іздерінде,
 Қаңқылдаған қаздардың тізбегінде
 Жиырма бес бар,
 Мен мұның көрдім бәрін
 Өзімнің жиырма бесімді іздедім де.

III

Жиырма бес – айтылмаған сырым ба едің,
Көзіме бұрын неғып ілінбедің?
Білмеймін, неге мұнша сағыныш боп,
Сен менің жанарымда дірілдедің?

Өзімнен кететіндей озып күнім,
Әйтеуір сезіктімін,
Сезіктімін.
Жоқ әлде жүрсем бе екен ұйқы көрмей,
Алматының көшесін кезіп бүгін?!

Жиырма бес, неге мұнша тыншымды алдың?
Дедің бе құдіретімнің білсін бәрін.
Сенің сөзің сөзі боп ғашықтардың,
Діріл қағып бойында жүр сымдардың.

Құмартқандай бейне бір от ерінге,
Жүрмін қазір тың сезім жетегінде.
Лүпілдетіп жетіп ең
Жүрегімді,
Лапылдатып қалдыршы кетерінде.

ЖАҢА ЖЫЛ

Жыр тұлпарым дүрсілдетіп тұяқты,
Көкірегімнен бүгін мың сан күй ақты.
Шампандардың көкке атылған тығыны
Қуаныштың жанартауы сияқты.

Шаттықпенен тулап дүние құрсағы,
Жарқырайды жаңа жылдың нұр шамы.
Бүгін қайта көктеп шыққан төрізді,
Көңілдердің қызғалдақ пен жусаны.

Бүгін тіпті сезілмейді түнгі ызғар,
Бүгін тіпті көз ілмейді жұлдыздар.
Таңғы аспанды тамашалап жүр өне,
Қуаныштың құрсауында ұл-қыздар.

Ал, кәнекей,
Той думаны басталды,
Дастарханға шақырыңдар достарды.
Ықыласпен көтерейік содан соң,
Ақ ниетті арнауы мол тостарды.

Мына тосты алыңыздар дос үшін!
Мына тосты алыңыздар хошы үшін!
Адамзатқа шашуы мол жыл болсын,
Мына тосты көтерейік осы үшін!

АЛМАТЫДАҒЫ АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ ЖАНЫНДА

Тұр да, көне, қарай қал,
Төнті болған талайлар;
Былай жүрсең Көктөбе,
Былай жүрсең Абай бар.

Уақыт та тез өтеді,
Бұрын бұл жер шет еді.
Қазір қара,
Бейне бір
Махаббаттың мекені.

Әсемдіктен құралған
Міне, сарай,
Міне, «Арман».
Әне, Алатау,
Иығын
Бұлтқа тіреп тұр алдан.

Ұлылықтың өлшемі,
Сияқтанып еңселі
Абай да тұр,
Жүр жақын,
Апарайын мен сені.

Сүйгеніңе әр таңда,
Осында кеп сыр ақтар.
Осы жерде фонтан да,
Осы жерде бұлақ бар.

Енгің келсе күйге әсем,
Алаңдама үйге сен.
Келмей-ақ қой бұл маңға,
Сұлулықты сүймесең.

Шабытыңа бойдағы
Ерік беріп қой-дағы;
Жақсы жырлар жазып қайт,
Оралмаған ойға әлі.

Қайтқың келсе тынығып,
Таудың салқын самалын
Жұтқың келсе құнығып,
Әуре болма о, достым,
Басқа жаққа бұрылып.

Тұр да, көне, қарай қал.
Тәнті болған талайлар,
Осы маңда сұлулық,
Осы маңда арай бар.
Осы маңда ұлылық –
Осы жерде Абай бар!

* * *

Туған жер, алыс қалып қыраттарың,
Жырақтадым,
Мұнда кеп тұрақтадым.
Жатпағалы көп болды шалғыныңда,
Татпағалы көп болды бұлақ дәмін.

Көтерілсе шығыстан күн күлімдеп,
Айта алмаймын өзімді мұңдымын деп.
Менен ұшқан сағыныш –
Сары ала бұлт
Желпілдей ме төбеңде түндігің боп?

Бас изесіп қырларың
Масаттанып,
Ақ шағала –

Ақ арман қосақталып,
Ала құйын ойнай ма терек-қыздың
Бұрымына боз шаңнан шашақ тағып?

Қалпың сол бір сабырлы
Күйге бөккен,
Мені өзіне тартады сүйреп өктем.
Сахараңды онсыз да сахна ғып
Бақытты бал шағымда билеп өткем.

Керуеніндей даланың тізбектеліп,
Әр ұлдарың әр жақтан іздеп келіп.
Жатады ма,
Жаныңа батады ма,
Шұғыланды кеткендей біз бөктеріп.

Ұзағам жоқ.
Жүрмін ғой осы маңда,
Саған қарай ағамын тасығанда.
Сапарларға шығамын сағынышпен,
Сен тұрғандай үнемі тосып алда.

Арманымды өзіңнен от аңсаған,
Қалай ғана серпуге жетер шамам?..
Осы қазір бар істі жиып тастап,
Тұра сап кетіп қалсам ба екен саған?!

АПА

Өзім жүрген жолдарымда қаншама іздер жатқанын
Мен ұмыттым.
Бірақ, апа, сен есіңде сақтадың.
Сондықтан да әрбір сөзің шежіредей боп маған,
Сенің барлық мінезінді мен де есімде сақтағам.

...Ашу-ыза дегендерің сезілмейтін сенде көп,
Қалғандай-ақ бұл мінезге әуел баста кенде боп.

Тек үнемі дейсің:

«Ұлым, сәтті болсын сапарың»,
Бұл мен үшін ең нәзік те,
Бұл мен үшін қатал үн.
Дейсің тағы:
«Байқап жүргін, байқап жүргін, қарғашым...»
Күбірменен аяқтайсың кей сөзіңнің жалғасын.

Іштей бәрін ұғам сонда айтар ойың не екенін,
Түсінемін.
Түсінгесін мен де үн-түнсіз кетемін.
Ойлайсың-ау деп ойлаймын:
Мен сапардан қайтқанша
Суық жер боп қала ма деп мекенім.

Жо-жоқ, апа, алдыңызда қуаныштың мол таңы.
Кәрілік пе?
Біз тұрғанда ол сізге ерте әлі.
Келінің мен Мен түгілі, немерең мен шөберең,
Сізге ауылдан айран тасып әлі талай жортады.
Жо-жоқ, апа, кәрілікке ерте әлі!

Деймін дәйім:
«Алатауға – астанаға ап келсем...»
Ауылдағы кемпір-шалды қимайсың-ау өттең, сен!
Арагідік қала жаққа барғаныңның өзін де,
Таусылмайтын әңгіме ғып отырушы ең кезінде.

Білем-білем, көтермейсің астананың дүрмегін,
Саған қызық бұзау байлап,
Сиыр сауып жүргенің.
Сондықтан да болар бәлкім, қала десе қабағың
Тұнжырайды:
«Өздерің-ақ жүре бер, – деп, – қарағым».

Рас-рас, қалада оқып,
Қалада мен көп жүрдім.
Сезбеппін-ау содан бері өткенін де көп жылдың.
Сіз арқылы туған дала қасиетін сезініп,
Сіз арқылы ауылды да сағынатын боп жүрмін.

КЕШІКТІҢ ДЕМЕ

Әлі де қалған сырларым болса ашылмай,
Айтайын, жарым,
Айтайын бәрін жасырмай.
Кештетіп келіп есікті қақсам
Кеш мені,
Қызуым жүр ғой басылмай.

Жастықтың жайсаң сырларын әттең кеш ұқтым,
Қызықпен жүріп тағы да бүгін кешіктім.
Асығып келем,
Асығып келем үй жаққа,
Тұра тұр, жаным,
Ілгегін салмай есіктің...

Қалжырап үйге қыдырмай қайтқан кеште мен,
Ойыма құнсыз түседі ылғи ескі өлең...
Бақтарға барсам жиырма жаңа сыр табам,
Сондықтан, жаным, кеш келем.

Отырдың-ау сен дыбысқа әрбір елеңдеп,
Мен жүрдім талай көшені кезіп...
Денемде от...
Албырттығым ба, ұмыта берем үнемі,
Кетсем де ерте келем деп...
Бүгін бір жақын досыма іздеп барып ем,
Отырып қаппыз өткенді қозғап әріден...
Уақыттан тағы кешігіп жеткен шығармын,
Ал бақытымнан кешіккен жоқпын әлі мен.

* * *

«Сен біз жайлы жыр жазбайсың» деп досым,
Бірде маған айтып жатыр өкпесін.
Ұялғаннан
«Жазамын ғой», – дедім мен, –
Қазір өзің кеткесін».

Дегендей-ақ басқа түгіл бас қайғы,
Шынында да жазбаппын-ау дос жайлы.
Сондықтан ба,
Кейбір досым мені өлі
Жас ақындар қатарына қоспайды.

Жыр жазумен талай-талай өтті күн,
Ақындарда демалыс жоқ,
Жоқ тыным.
Түсінсе екен достарым да,
Басқа да,
Жазғанымнан
Жазбағаным көптігін.

ІНІГЕ СЫР

Қарамайсың ешкімді де бөтен деп,
Ұмтыласың көрінгенге «көтер» деп.
Мен тілеймін,
Бір биікке түбінде
Еш көмексіз өзің шықсаң екен деп.

Інімсің ғой,
Сенен несін жасырам,
Менің мұным емес тіпті бос ұран.
Сенен кейін шықсам ұят болар деп,
Мен де өзімнің биігіме асығам.

* * *

Саған деген сағынышым тым бөлек,
(Бұл сөзіме күдіктенбе шын ба деп).
Ұзақты күн қиялдаумен өзіңді,
Бір сен жайлы жыр жазамын түнде кеп.

Басқа қыздан сенің жолың өзгеше,
Ақ шуақ боп сіңіп жатсың көзге сен.
Сен болмасаң мынау жалпақ ғаламда
Бақыт бар ғой деген сөзге сенбес ем.

Өзгелерге мойнымды бұрмастан,
Сені іздеймін,
Сенің жөнің бір басқа.
Шын сағыныш – махаббаттың белгісі,
Шын махаббат сағынудан тұрмас па?!

Кетпес үшін бұл дүниеге бекер кеп,
Ғашық жүрек бар азапты көтермек.
Бір сені ойлап,
Бір сені аңсап келем мен,
Бір бақытқа ортақтассақ екен деп!

СУРЕТШІ

Болат Омаралиевке

Білем-білем,
Жасымыз да,
Кәріміз,
Суретші деуші ек сені бәріміз.
Сен түсірген суреттен, о, достым,
Сиқырлы сыр іздеп жүрміз әлі біз.

Сен де ақынсың,
Өлең жазбай жүрсең де,
Көп ақынның сезімі бар бір сенде.
Сен өмірге объективпен қарайсың,
Барлығын да тереңірек білсем деп.

Сен түсірген суреттер тіріліп
Кетердей-ақ жетектейтін бір үміт.
Өнер тілін түсінбейтін бәзбіреу
Қойып жүр-ау сені көптің бірі ғып.

Сеніменен кеңітіндей өрісім,
Өзіңменен жүрем ылғи келісіп.
Маған жалғыз ұнамайтын қылығың –
Арагідік қоятының көп ішіп.

Өнер сені бөлмейді үлкен,
Бала деп,
Ішіп қою,
Ол да ақынға төн әдет.
Суреттеріңді көрсек соңғы түсірген,
Айхай, шіркін, бір сусындап қалар ек.

ДОСТАР

Мен сенбеймін –
Сендер қазір қасымда жоқ дегенге,
Бізді ұмытты деп мейлі өкпелеңдер.
Жүрсіңдер ме мені еске ап
Сағынғанда,
Ғашық болып кетті деп отты өлеңге?

Сырларыңды сөгілген бүтіндетіп,
Отырмысыңдар жаппай түтіндетіп?
Мен отырмын біреудің пәтерінде,
Сендер жайлы жыр таппай,
Құтым кетіп.

Кеңес қайда?
Жанат пен Шәріп қайда?
Ораз жүр ме өзінше тауып пайда?
Жүрсіңдер ме менсіз де шарап ішіп,
Менсіз-дағы қыз құшып сауық-тойда?

Бәрін-бәрін термелеп не қыламын?
Сендерсіңдер жырдағы ақ ұраным.
Сендерсіңдер иығым, тірегім де,
Сендер менің босаға, шаңырағым,
Мен сендерді сондықтан сағынамын.

ҚЫЗ МҰҢЫ

Қараймын қазір мұңдана,
Көрінген әрбір кісіге.
Қазіргі кезде бір ғана,
Кіресің ылғи түсіме.

Сағына сүйіп,
Елітіп,
Сезуші ем көңіл пәктігін.
Махаббат күйін шертіп,
Отырсың қайда тап бүгін?

Деуші едің:
«Әр кез бөлінбей,
Жүрейік жаным
Қолды әкел».
Кеттің ғой ұзақ көрінбей,
Айтылған сөз бе ол бекер?

Айрылып болдым төзімнен,
Тартты ма әлде жол бөлек?
Күтемін кейде,
Өзіңмен
Қоштасып қалған жерге кеп.

Таба алмай мүлде қалдың ба?
Сұрлеуің қайда бастағы?
Өзге бір үйдің алдында
Тұрсың ба күтіп басқаны?

Сағына сүйіп
Елітіп,
Сезуші ем көңіл пәктігін.
Махаббат күйін шертіп,
Отырсың қайда тап бүгін?

* * *

Өз бұйымың,
Өз жиһазың бөтен боп,
Көкірегінде сағыныштың оты өрлеп;
Отырмысың – дабырласса сыртта жұрт,
Достарымен кіріп келер ме екен деп.

Тар кеуденді босатуға ой бөккен,
Өксіп-өксіп аласың ба кейде өктем?
Жүрсің бе өлде таусылғанда шыдамың,
Әлсін-әлсін сығалаумен өйнектен?

Белгісіз боп қашан келіп-кетермін,
Тарқаттың ба төзіміді жеті өрім?
Кейде осылай табыспасақ аңсап кеп,
Сезер ме едік сағыныштың не екенін?!

СОЛДАТТЫҢ ҚЫЗҒА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫНАН

Жою үшін соғыс салған іздерді,
Басып өттік қиыры жоқ түз белді.
Туған жерден біз аттанып кеткелі,
Екінші рет көктем кетіп, күз келді.

Соңымызда сағыныш қап –
Ағыс қап,
Өтті күндер,
Жүрміз әлі алыстап.
Біздерді іздеп мұңая ма күрсініп,
Сол баяғы момын қыз бен таныс бақ?

...Көктем келіп, қырлар қайта көктеді,
Сағыныштың соқпай жатыр от лебі.
Үшбу хатың келмей қойды алаңсыз,
Сендер жаққа қаздар қайтып кеткелі.

* * *

Ой тосып,
Арман қуған өзіңменен,
Ақ таңдар қалды-ау алыс көз ілмеген.
Тұрғандай дауыл тербеп жер мен көкті,
Минуттар...
Минуттар ше сезілмеген?

Толқыны махаббаттың биік тасып,
Қалып ед арманыммен иықтасып.
Көгілдір көгершінім қалай ғана,
Өзіңді кеттім екен қиып қашық?!

Әлде сен көкірегімнің қуысында
Жайылған махаббаттың уысың ба?
Жатқанда шын бақытты екенмін-ау,
Бұрымың тарқатылып уысымда.

Өмірі сезбегендей қыздың демін
Сондағы жоғалтыппын іздің көбін.
Мен қазір сол бір асыл сезімдерді
Амалсыз өкінішпен тізгіндедім.

* * *

Келеді атып тағы бір мөлдір ақ таң,
Мен отырмын сыр тыңдап бал құрақтан.
Қайдасың сол ынтызар Ақмаралым?
Жүрсін қазір сусындап қай бұлақтан?

Төзім бітіп мен күткен көптен бергі,
Қаз даусымнан тағы бір көктем келді.
Сен ұмытып кетсең де,
Мен отырмын
Сағыныштан ойға алып өткендерді.

Арманымның алауы іздегенім,
Қайдасың сен, елде ме,
Түзде ме едің?
Біз екеуміз сырласқан көк теректің,
Әр күн сайын жанына жүз келемін.

Үзілгелі қанша жыл хат-хабарың,
Көз алдымда сонда да пәк қабағың.
Сағынышымның сарғайған парақтарын,
Өзің жайлы сыр іздеп ақтарамын.

Сені ойласам кеудеме дүрсіл кіріп,
Жібереді жанымды күрсіндіріп,
Арманы боп аяулы қай жігіттің,
Құшағында тап қазір тұрсың күліп?

Ойға оралса қайтадан өткендерім,
Әкеледі кеудеме көктем лебін.
Сағынышым, шынымен жанарымнан,
Жас моншақ боп төгіліп кеткен бе едің?!

ТҮН. ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Отырасың сен бірде,
Аласарып, жаншылып.
Бөлмең түгіл,
Кең дүние
Ететіндей таршылық.

Секем алып қаласың,
Бұл не дыбыс?
Білмедім.
Жайлап барып саласың
Есігіңнің ілгегін.

Тысырлай ма бірдеңе,
Торып жүрген дұшпан ба?
Әлде жай бір іргеде
Жорғалаған тышқан ба?

Сықырлай ма бірдеңе,
Кештеу келген қонақ па?
Дейсің іштей:
«Үндеме,
Ашпа есікті,
Жолатпа».

Мазалайды қаққандай
Терезенді жел ұрып;
Бір сұмырай жатқандай
Әйнектерін кеміріп.

Үрейлілеу, тыныш та,
Бір бөлмеңнен бір бөлмең.
Бір пәлекет бұрышта
Деп тұрғандай «жүр бермен!»

Бұл не,
Әлде үрей ме?
Өзіңе жат өз үнің.
Бір сұмдықты тілей ме,
Құрып кеткір төзімің?!

Қалғанша пеш оты өшіп,
Отырасың тістеніп.
Бір кезде ұйықтап кетесің,
Шым-шытырық түс көріп.

* * *

Хатымды алмадың ба?
Жауап жоқ,
Өкпеледім.
Сонау бір барғанымда,
Ұнатып кеткен едім.

Жүргенің жетегімде
Есімде әлі менің.
Несіне кетерімде
Бөлініп қалып едің?

Күз келді,
Саулап ағып,
Жапырақ сары ала боп.
Сен жоқсың,
Бауға барып
Тағы да аралар ек.

Хатың жоқ.
Алдадың ба?
Әлде сен өкпеледің...
Соңғы рет барғанымда
Ғашық боп кеткен едім.